

Балалар үшін интернет желісінің қауіпсіздігі

Балаңызға Интернет-кеңістік не екеніне түсінік беріңіз.

Интернет-бұл ең алдымен ақпарат іздеуде және білім беруде көмекші құрал екенін түсіндіріңіз.

Балаңызбен оның Интернет желісінде неше уақыт отыратынын алдын ала келісіп алыңыз.

Балаларға Интернет желісінің, олардың мінез құлқына кері әсер етуі мүмкін екенін айтып, ескертіңіз.



Балалармен олардың виртуалды достары туралы сөйлесіңіз. Егер бұл дос онымен кездескісі келсе, онда сіздің балаңыз бұл туралы сізге ескертуі керектігін түсіндіріңіз.

1. Балаға желідегі болатын алаяқтық – ұтыс ойындары, лотереялар, тестілер, модельдік кастингтер және т. б. туралы алдын ала айтып беріңіз.

2. Интернетте өзі туралы жеке деректерді ашуға болмайтынын білуі керек.

Балаңыздың интернет желісінде қауіпті контентпен, кибершабуылмен және зиянкестермен соқтығысуы мүмкін екенін ескертіңіз.